

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 қазандағы N 1034 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 ақпан N 105

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жаңажол-Ақтөбе газ құбырының құрылысын аяқтауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан қаражат бөлу туралы" 1998 жылғы 14 қазандағы N 1034 P981034\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақта:

"Жаңажол-Ақтөбе газ құбырының құрылысын аяқтауға" деген сөздер "облыстың бюджеттік ұйымдары үшін дербес жылыту жүйелерін сатып алуға және орнатуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-тармақта:

"Жаңажол-Ақтөбе газ құбыры пайдалануға берілгеннен кейін үш айдың ішінде" деген сөздер "1999 жылдың 31 желтоқсанына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.